

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Медиадағы жаңалықтардың қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.06.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/180235/>**Келисова Аида***11 сынып оқушысы*

Қазіргі ақпараттық қоғамда медиадағы жаңалықтар адамдардың ойлау жүйесіне, күнделікті шешім қабылдауына және қоғамдық пікірдің қалыптасуына тікелей әсер ететін басты құралдардың біріне айналды. Бұқаралық ақпарат құралдары – халық пен билік арасындағы көпір ғана емес, сонымен қатар, оқиғаларға деген көзқарасты қалыптастыратын ықпалды күш. Әсіресе, соңғы онжылдықта цифрлы платформалардың дамуы жаңалық тарату форматын өзгертті. Енді кез келген жаңалық тек теледидардан немесе газеттен емес, әлеуметтік желілер, интернет сайттар мен мессенджерлер арқылы жылдам әрі кең ауқымда таралады. Бұл өзгеріс, әсіресе, жастардың ақпаратты қабылдау және оған реакция білдіру тәсілін түбегейлі өзгертті.

Медиадағы цифрлы алаңдар мен қосымшалардағы жаңалықтар қоғамдық пікірге әсер етудің бірнеше тиімді әрі сан алуан жолын қолданады. Бұл құралдардың бірі – ақпаратты беру тәсілі. Яғни, бір оқиғаның қандай қырын көбірек көрсету, қандай деректерді назардан тыс қалдыру немесе толық ашып көрсетпеу секілді тәсілдер арқылы медиа оқырман немесе көрерменнің белгілі бір ой түюіне тікелей ықпал ете алады. Ақпарат тек мазмұнмен ғана емес, оны ұсыну формасымен де әсер етеді. Мәселен, бір елде орын алған наразылық акциясын бір бұқаралық ақпарат құралы «бейбіт шеруге шыққан халықтың дауысын билік естуі керек» деп сипаттаса, ал басқа бір медиа дәл сол оқиғаны «қоғамдық тәртіпті бұзғандар мен арандатушылардың әрекеті» деп бере алады. Бұл екі түрлі интерпретацияның әсерінен аудиторияда мүлде қарама-қарсы пікірлер қалыптасады. Мұндай жағдайлар ақпаратты тұтынушылардың оқиғаға қатысты көзқарасын, эмоциясын және әрекетін айқындайды. Осы орайда медиа өкілдерінің кәсіби жауапкершілігі, яғни журналистиканың этикалық нормаларын сақтау мен объективтілік принципін ұстануы аса маңызды. Өйткені қоғамдық пікірдің сапасы мен шынайылығы осы талаптарға тікелей байланысты.

Жалпы, бүгінгі таңда жастар – жаңалықтың басты әрі белсенді тұтынушысы болып отыр. Олар жаңалықтарды дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан гөрі интернет желілері мен әлеуметтік медиадан жылдамырақ және жиірек алады. Жастардың ақпаратты тез қабылдау қабілеті, әртүрлі дереккөздерді қатар салыстыруы оларға кең ауқымды әрі жан-жақты пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл артықшылықпен қатар, елеулі қауіп те бар. Қазіргі медиакеңістікте шынайы ақпаратпен қатар жалған мәліметтердің де таралуы жиілеген. Жалған ақпарат, яғни фейк жаңалықтар – әсіресе тәжірибесі аз жастар үшін қауіпті құбылыс. Мәселен, COVID-19 пандемиясы кезінде әлеуметтік желілер арқылы кеңінен тараған ғылыми негізі жоқ, шындыққа жанаспайтын жаңалықтар салдарынан көптеген жастар вакцинациядан бас тартты, тіпті вирустың бар екеніне сенбегендер де табылды. Бұл жағдай қоғамда сенім дағдарысын туғызып, мемлекет тарапынан қабылданған денсаулық сақтау шараларына қарсы көзқарастардың артуына себеп болды. Демек, ақпараттың шынайылығы мен оны қабылдаушының медиасауаттылығы – қазіргі қоғам үшін шешуші мәнге ие.

Сонымен қатар, медиадағы жаңалықтар белгілі бір құндылықтар мен идеологиялық ұстанымдарды насихаттау арқылы қоғамдық сананың қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді. Медиа тек оқиға туралы хабар беріп қана қоймай, сол арқылы белгілі бір идеяны, көзқарасты немесе өмір салтын дәріптейді. Қоршаған ортаны қорғау, гендерлік теңдік, азаматтық белсенділік, құқықтық сауаттылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес секілді маңызды мәселелерді жиі көтеру арқылы жаңалықтар қоғамды ойландырады және дамуға итермелейді. Мысал ретінде The Village Kazakhstan, Qazaqstan ұлттық телеарнасы, сондай-ақ халықаралық BBC, Al Jazeera сынды ақпарат құралдарын атауға болады. Бұл платформалар өз материалдарында тек жаңалықты жеткізумен шектелмей, әртүрлі әлеуметтік, мәдени және этикалық тақырыптарды да тереңінен қозғай отырып, жастардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, медиадағы жаңалық – қоғамдық пікірді қалыптастырушы негізгі күштердің бірі. Ақпараттың берілу тәсілі мен мазмұны – қоғамның даму бағытына, ұрпақтың көзқарасына және азаматтық белсенділік деңгейіне әсер етеді. Сондықтан жастардың медиасауаттылығы мен сыни ойлау қабілетін дамыту – қазіргі заман талабы. Ақпаратты дұрыс талдай алатын, саналы түрде шешім қабылдайтын ұрпақ қалыптастыруда жаңалықтар медиасы жауапкершілікті әрі маңызды рөл атқарады.